ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru | университет студенттерінің үні | №11(475) 20 қыркүйек 2019 жыл



## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### АДАЛДЫҚ САҒАТЫ

2 қыркүйек күні ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) бастамасымен, Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен «1 қыркүйек – Білім күні» мерекесіне орай, еліміздің барлық білім беру ұйымдарында алғаш рет бірыңғай жалпы республикалық «Адалдық сағаты» өтті.

2 БЕТТЕ

### ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары бірнеше кітапқа жүк болатын институт қорында сақталған көне кітаптар мен қолжазбалардың ғылыми сипаттамасын дайындап, екі кітабын жарыққа шығарды.

3 БЕТТЕ

### СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ АЗИ□ ҚҰРЛЫҒЫН БАҒЫНДЫРДЫ

Қыркүйек айының 11-16 жұлдыздары аралығында Үндістанның Нью-Дели қаласында жауынгерлік самбодан Азия чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеге 19 мемлекеттен, 300 ге жуық спортшы қатысқан. Оқу ордамыздың 4 спортшы-студенттері де аталған жарыста өнер көрсетіп, биіктерден көріне білді.

4 БЕТТЕ

### ӘДЕПТІЛІК АДАМ ТАЛҒАМАЙДЫ

Әдептілік— адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы. Қазақ халқының дәстүрлі дүние-танымында әдепке ерекше мән беріледі. Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала адамдарының көзқарастары» атты еңбегінде әдепті әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы деп есептейді.

5 БЕТТЕ


*ЖОЛДАУ*

# «СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ– ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ»

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.К.ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

## 2019 ЖЫЛҒЫ 2 ҚЫРКҮЙЕК



**Құрметті отандастар!**

Біз еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белеске жақындап келеміз.

Отыз жылға жуық уақыт бұрын халқымыз өзінің Тәуелсіздігін жариялап, бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманын орындады.

Осы уақыт ішінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен еліміз әлемдегі беделді әрі орнықты мемлекетке айналды.

Баянды бірлігіміздің арқасында тәуелсіздігімізді нығайтып, халқымыздың жағдайын жақсартуға жол аштық.

Бұл жасампаздық пен ілгерілеу, бейбітшілік пен келісім кезеңі болды.

Еліміздің даму жолын бүкіл әлем мойындап, Қазақстандық, яғни Назарбаев моделі деп атады.

Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр.

Біз бұған Елбасы саясатының сабақтастығын сақтап, жүйелі реформалар жүргізу арқылы қол жеткізе аламыз.

Өздеріңізге белгілі, осының бәрі менің сайлау алдындағы бағдарламама негіз болды.

Қазір мемлекеттік органдар оны жүзеге асыру үшін тиісті жұмыстар жүргізуде.

Мен халыққа берген уәделерімді міндетті түрде орындаймын.

Біз өз жұмысымызда Елбасы ұсынған Бес институционалды реформа мен Ұлт Жоспарынтолыққанды жүзеге асыру қажеттігін басты назарда ұстауымыз керек.

Елбасымыздың бастамасымен құрылған Жаңғырту жөніндегі Ұлттық комиссиянherжұмысын қайта жандандыру қажет.

Енді ортақ міндеттерімізді және сайлауалды бағдарламамды іске асыруға қатысты ой-пікірлеріме тоқталайын.

**I. ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТ.**

Мен уәде еткен саяси жаңғыру үдерісі азаматтарымыз бен мемлекетіміздің мүдделеріне сәйкес,біртіндеп үздіксіз жүзеге асырылатын болады.

Негізсіз, жүйесіз саяси ырықтандыру елдің ішкі саяси ахуалының тұрақсыздығына, тіптімемлекеттіліктен айырылуға әкеліп соғатынын әлем елдерінің тәжірибесінен көріп отырмыз.

Сондықтан біз саяси реформаларды «асығыстыққа салынбай», керісінше, кезеңімен, табанды түрде және жан-жақты ойластырып жүзеге асыратын боламыз.

Еліміздің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртпай, табысты экономикалық реформаларды іске асыру мүмкін емес. Бұл – біздің ұстанатын басты қағидатымыз.

«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет».

Біз бұл мақсатқа әлі де жете қойған жоқпыз. Сондықтан осы бағыттағы жұмысқа бар күш-жігерімізді салуымыз қажет.

Саяси жүйенің бұл формуласы мемлекет тұрақтылығының негізі саналады.

Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет.

Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады.

Сондықтан азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ, аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет.

Осы мақсатпен біз белгілі қоғам өкілдерін қамтитын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрдық. Бұл кеңес ротациялық тәртіппен жұмыс істейді.

Алдағы уақытта бізге мынадай шараларды жүзеге асыру керек.

**Бірінші.** Партия құрылысы үдерісін жалғастыру.

Көшбасшымыз және партия Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасында «Nur Otan» партиясы еліміздің жетекші саяси ұйымына жүктелетін күрделі әрі жауапты міндеттерді дәйекті түрде іске асырып келеді.

Біз қоғам игілігі үшін сындарлы саясат жүргізіп келе жатқан басқа да саяси партиялармен және қозғалыстармен ынтымақтастықта жұмыс істеуіміз қажет.

Қоғамды толғандырып отырған негізгі мәселелер көшеде емес, Парламентте және азаматтық диалог аясында талқыланып, шешімін табуы тиіс.

Депутаттар Үкіметке өзекті мәселелерге қатысты сауалдарын жолдап, нақты шаралар қабылдауды талап ете отырып, өздеріне берілген заңды құқықтарын пайдалануы қажет.

Заң шығарушы және атқарушы билік арасындағы қарым-қатынас жасанды тартысқа емес, іскерлік сипатқа, өзара құрметке негізделуі тиіс.

***(Қысқартылып алынды)***

# ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ — БЕЙБІТШІЛІК, КЕЛІСІМ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖОЛЫ-2019

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ – БЕЙБІТШІЛІК, КЕЛІСІМ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖОЛЫ-2019» атты I Халықаралық конференциясы бастауын алды. Түркия, Ресей, Моңғолия, Өзбекстан, Қырғызстан және қазақстандық профессор-ғалымдардың басын қосқан жиын 19-20-қыркүйек аралығында өтті.**

Салтанатты жиында алғашқы болып сөз алған I вице-президент Женгиз Томар: «4 тілде білім алуға жол ашатын біздің оқу ордамыз халықаралық деңгейдегі конференцияларды өткізуге өте қолайлы орын. Себебі, біздің университетіміз түркі тілдес елдердің ортақ астанасы Түркістан қаласында орналасып, әрі шет елдік азаматтардың бір шаңырақ астында білім алуына жол ашқан. Сондықтан да, біз келген қонақтарды құшақ жая қарсы алуға әрқашан дайынбыз»- деп пікірін білдірді.

Моңғолиядағы «Білім және технология» университеті Орталық кітапхана директоры доктор, профессор Гулнар Чакерхан, «Ұлы Жібек Жолының» Моңғолия мемлекетінің тарихында алар орнының ерекшелігіне тоқталды. Қонағымыз университет басшылығына алғысын білдіре отырып, Шыңғыс ханның әскери құпиялары жинақталған кітапты оқу ордамызға сыйға тартты.

Мирзо Улугбек атындағы Өзбекстан ұлттық университетінен келген профессор Ольга Кобзева:

«Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев жақында ғана «Түркі тілдес елдес кеңесіне» қосылу жайлы құжатқа қол қойды. Осы орайда киелі Түркістан қаласында түркі тілдес ұлттардың біріккен конференциясын жасау өте игілікті іс. Біз бұл жиынға шақырту алғанымызға өте қуаныштымыз»-деді.

Жиында сөйлеген қонақтар конференцияның, Ұлы Жібек жолының қайта жаңғыруының маңыздылығы жайында ойларын ортаға салды.

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

# АДАЛДЫҚ САҒАТЫ

**2 қыркүйек күні ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) бастамасымен, Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен «1 қыркүйек – Білім күні» мерекесіне орай, еліміздің барлық білім беру ұйымдарында алғаш рет бірыңғай жалпы республикалық «Адалдық сағаты» өтті.**



Аталған жиын университетімізде де бастау алып, Түркістан облысы бойынша Департаментінің басшысы Х.Көшқалиевтің қатысуымен өткізілді.

Жиында оқу ордамыздың басшысы Б.С.Абдрасилов қатысушыларды жаңа оқу жылымен құттықтап, шараның мән-маңызына тоқталды.

«Адалдық сағатының» негізгі мақсаты — өскелең жас ұрпақтың өн бойына адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім құндылықтарын сіңіруге және жас буынның рухани болмысын бекітіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру. Жиын барысында оқу ордмыздың студенттеріне дәріс оқыған Агенттіктің Түркістан облысы бойынша Департаментінің басшысы Х.Көшқалиев жастарды жаңа оқу жылымен құттықтап, сыбайлас жемқорлықпен қарқынды күресу ел саясатының негізгі басым бағыттарының бірі екендігін атап өтті.

Шара барысында лекторлар қазақтың бойында бағзыдан қалыптасқан адалдық пен әділдік құндылықтарының қасиетін айта отырып, тағылымға толы тарих беттеріндегі әділдікті ту еткен кемеңгерлердің туралығына тоқталды. Сондай-ақ, Елбасы биылғы жылды «Жастар жылы» деп жариялап, ел жастарына зор сенім білдіргендігін, Қазақстанның жарқын болашағы – бүгінгі жас буынның қолында екендігін жеткізді.

«Адалдық сағатында» білім алушыларға арнайы әзірленген бейнероликті көрсету арқылы адалдық – парасаттылықтың ең биік шыңы, әрі адам бойындағы ең асыл қасиет екендігі жіті түсіндірілді.

Айта кетейік, бұл игі бастама дәстүрлі түрде жыл сайын «1 қыркүйек – Білім күнінде» бастау алып, оқу жылының соңына дейін жүйелі түрде еліміздің абыройын асқақтатып жүрген ел мақтаныштары мен қоғам белсенділерін қатыстыра отырып өткізілетін болады.

# ҚР КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫ ОҚУ ОРДАМЫЗДА

**Бүгін оқу ордамызға ҚР Конституциялық Кеңес төрағасы Қайрат Әбдіразақұлы Мәми келіп, университет ұжымы және студент жастармен кездесу өткізді. Құқықтық білім беру және халықтың конституциялық мәдениетін тәрбиелеу саласындағы ынтымақтастық мәселелерін, сонымен қатар, Президенттің Жолдауы мен негізгі Заң аптасын талқылауға арналған «Конституцияның мемлекет пен қоғамның жаңа кезеңдегі дамуындағы рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оған облыстық сот төрағасы мен судьялар және басқа да құқық саласының мамандары қатысты.**



Жиынды университет ректоры Болатбек Абдрасилов жүргізіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауындағы «Азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету» бөліміне тоқталып өтті. Оқу ордасының басшысы сондай-ақ, «Келесі жылы Қазақстан халқы республикалық референдумда қабылдаған қолданыстағы Конституцияға 25 жыл толады, осы орайда университет тарапынан қолдау болады», – деді.

Айта кететін жайт, Қайрат Әбдіразақұлы университетіміздің құрметті профессоры.

Жиында сөз алған ҚР Конституциялық кеңес төрағасы Қайрат Әбдіразақұлы Мәми қазіргі заманғы сын-қатерлерге төтеп беру үшін Ата Заңның алатын орны мен оның ерекшелігін айта келе, халықпен тиімді кері байланыс орнату, отбасы және бала институтын қолдауға басымдық беріліп отырғандығын жеткізді.

Сондай-ақ, заң ғылымдарының докторы, университет профессоры Балғабай Нақыпов «Ата Заң – еліміздің тірегі, тәуелсіздігіміздің тұғыры» тақырыбында баяндама жасап, Конституцияның мемлекет пен қоғамның жаңа кезеңдегі дамуындағы негізгі рөлін айтып өтті. Ол сондай-ақ, өңірімізде қолға алынып жатқан туристік полицияның әлеуетін айтып, құқық саласында мықты мамандар дайындауда университеттің потенциалы жоғары екендігін тілге тиек етті.

Сонымен қатар жиында жолдаудың маңыздылығына тоқталған университетіміздің I вице-президенті Женгиз Томар: «Мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаевтың жолдауын түрік тілінде оқып шықтым, екінші бағыт негізіндегі азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – заманауи қазіргі қоғамды қалыптастырудың өте үлкен алғышарттарының бірі» – деп, пікірін айтты. Осы және өзге де маңызды дүниелер талқыланған алқалы жиында пікірлер ортаға салынды.

*ЖОЛДАУ-2019*

# ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ТАЛҚЫЛАУ

**2019 жылдың қыркүйек айының 2 жұлдызында Қазақстан президенті «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деген тақырыппен халыққа жолдау жасады. Жолдау оқу ордамызда талқыланып, қолдау тапты.**



3-қыркүйек күні университетіміздің оқытушы-профессорлары, қызметкерлері мен студенттері қатысқан кең іс-шарада еліміздің президенті Қ.К.Тоқаевтың жолдауы талқыланды. Келелі жиынды ашқан университет ректоры Б.С.Абдрасилов жолдаудың бес тарауын да жан-жақты таратып айтып берді. Профессорлар С.Садықов, К. Жетібаев, Б.Нахиповтар жолдаудың жеке тарауларына тоқталып, жолдауды толық қолдайтындарын білдірді. Студент жастарымыз да қолдау танытып, пікірлерін білдірді. Солардың бірі студенттік ректор Үміт Тұрсынхан: - Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы алғашқы жолдауын жариялады. Өзінің сайлауалды жоспарлары мен кешегі жасалған жолдауындағы сәйкестіктерді көріп қатты қуандық. Оның ішінде тіл мәселесін көтеруі, біз қазақ емес, бар қазақ болып мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруі мақсатымыз бен міндеттеріміздің алғашқы қатарында болуын айтып өтті. Мен Қазақстан Республикасының азаматшасы ретінде кешегі жолдаудан өзімнің болашағымды - мемлекеттік тілі мәртебелі, заң жүзінде сауатты, бар ойын емін-еркін айта алатын демократиялық елдің патриоты ретінде елестетемін. - деді

Қазақстан президентінің халыққа жолдау арнау дәстүрі 1997 жылы басталған еді. Сол жылы қазан айында Қазақстанның бұрынғы президенті Нұрсұлтан Назарбаев «2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясы» бағдарламалық жолдау арнаған. Содан бері Қазақстанда президент жыл сайын халыққа жолдау жолдайды. Қазақстанның бұрынғы президенті Нұрсұлтан Назарбаев президент ретінде соңғы жолдауын 2018 жылы қазанда жариялады.

# Құттықтаймыз!
# 29 грант

Химия мұғалімі мамандығында оқитын 29 студентке гранттар берілді. Аталған мамандық бойынша берілген грант 2-курста ақылы негізде оқитын 15 студентке, дәл осы мамандықтың 3-курсында білім алып жатқан 14 студентке грант тағайындалған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесінің 17-тармағына сәйкес көрсетілген санаттарға арналған қалған білім беру гранттары «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары», «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария», «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру салалары бойынша 1 немесе 2 курсты аяқтамаған және ағылшын тілінде жаратылыстану ғылыми пәндері бойынша (физика, химия,биология және информатика) мұғалімдерді даярлаудың білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алуды жалғастыруға ниет білдірген ақылы негізде білім алатын студенттерге білім беру гранттары тағайындалған.

Тағайындалған гранттар білім алушылардың мерейін өсірді. Ақылы негізде оқып жүрген болашақ химия мұғалімдері өздеріне көрсетілген қолдауды үлкен мақтанышпен қабылдап, білімге деген құштарлықтарын арттандығын жеткізді. Аталған грант бұйырған барша студент қауымын құттықтаймыз!

# ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары бірнеше кітапқа жүк болатын институт қорында сақталған көне кітаптар мен қолжазбалардың ғылыми сипаттамасын дайындап, екі кітабын жарыққа шығарды. Институт қорындағы материалдардың дені Орта Азия мен Қазан баспаханаларында жарық көрген араб, парсы, шағатай, қазақ тіліндегі кітаптар. Кезінде литографиялық тасбаспадан шыққан Қ.А.Ясауи хикметтері, М.Хазини, Физули, Ә.Науаидың кітаптары, қазақ шайырлары Шәді төре, Майлықожа секілді танымал ақындардың шығармалары жинақталған. Сондайақ ел арасында атадан балаға мұра болып сақталған көне Құран кітаптар, діни дастандар мен шариғат үкімдері жайлы жазылған құнды жәдігерлер, шежірелер, тұрмыс-салт пен салт-дәстүрге қатысты жазылған рухани мұралар да бар.

Бірінші жинаққа XX ғасырдың алғашқы жартысында қадімше жазылған «Үміттің өлімі», «Аланқай батыр», «Құлып» дастаны секілді ел аузынан жиналған әңгімелер мен 40-50 жылдары латын әрпімен жазылған 334 қолжазба жинақталған.

Екінші кітапта бірыңғай араб қарпімен жазылған дүниелер топтастырылған. Ортағасырлық шайырлардың кітаптарынан Хазини, Сағди, Науаи, Хафиз, Физули, Мырза Бибедлдің, Сопы Аллаярдың шағатайша, парсыша жазылған кітаптарын кездестіруге болады. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» кітабының бірнеше нұсқалары, Абай өлеңдерінің Мүрсейіт молда (1907 ж.) хатқа түсірген толық шығармаларының көшірмесі, Шәді төренің қиссалары, «Назым Сияр шәріп» кітабының қолжазбасы жайлы сипаттама берілген.

Маңызды еңбектердің қатарында XIX ғасырда шағатайша кітап болып басылған «Шахнама» кітабы мен Тұрмағамбеттің «Рүстем-Дастан» кітабын айрықша айтуға болады. XX ғасырдың басында өмір сүрген белгілі молда Бекасыл Биболатұлының мұраларынан парсы тіліндегі «Фалнама» кітабы, соған ұқсас хижраның 1313 жылы жарық көрген «Балнама», «Насапнама», т.б. құнды мұралар туралы ақпарат пен оларды жинаушылар жайлы және жанры, қолтаңбасы, жазылған жылы, т.б. мәліметтер ұсынылған.

Міне осындай құнды әрі тарихи маңызға ие еңбектерді ғылыми айналымға ендіру мақсатында жарық көрген жинақ әдебиеттанушылар мен тарихшыларға, түркологтарға, жоғары оқу орындарының филология, тарих факультеттерінің студенттері мен магистранттарына, докторанттарына, жалпы көпшілік оқырманға арналады.

**Түркология ғылыми-зерттеу институты**

## TÜRKOLOJİ ARAŞTIRMALARI ENSTİTÜSÜNDEKİ EL YAZMASI ESERLERİN BİBLİYOGRAFİK DENETİM KATALOĞU YAYINLANDI




Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü, kütüphanemizde korunanel yazmalarının açıklamalı bibliyografik künyelerini içeren çalışmayı yayımladı.

İki cilt ve 353 sayfadan oluşan bibliyografik eserde çok dilli nadir eserler ve çeşitli dönemlere ait el yazmaları yer alıyor. Neşredilen çalışmada Avrasya bölgesinde Arap harfli alfabe ile nesilden nesileintihal eden eski Kur'an mealleri, çeşitli dinîhikâyeler, kültürel kanunlarla ilgili eserler, Türk-İslam efsaneleri, hatıratlar, soylamlar, şecereler ve töre yazıları mevcuttur.

Çoğunluğu Orta Asya ülkelerinde ve Kazan Basımevinde basılmış Arapça, Farsça, Çağatayca ve Kazakça eserlerin oluşturduğu bibliyografik çalışmada; Litografi Matbaasında neşredilen Ahmet Yesevi'nin Divan-ı Hikmet ile M. Hazini, Fuzuli, Ali Şir Nevai'nin eserleri, Kazak halk ozanlarından Şadi Töre ve Maylı Hoca gibi ünlü şairlerin eserleri tanıtılmaktadır.

228 sayfadan oluşan birinci cilt, 20. yüzyılın ilk yarısında eski alfabeyle yazılan "Umudun Ölmesi", «Alanqay Batır», «QulıpDestanı»vb. 334 el yazmasının künyesini içermektedir.

İkinci ciltte ise Arap harfleriyle yazılmış konuları muhtelif eserlerin künye bilgileri yer almaktadır. Ortaçağda yaşayan şâirlerden Hazini, Sagadi, Nevai, Hafız, Fuzuli, Mırza Bidel, Sufi Allayar'ın Çağatayca ve Farsça yazılmış kitapları dizinlenmiştir. Söz konusu ciltte Hoca Ahmet Yesevi'nin "Divân-ı Hikmet" adlı eserinin nüshaları, Abay şiirlerinin Murseyit Molla (1907) tarafından istinsah edilmiş nüshaları, Şadi Töre'nin kıssaları, "Nazım Siyer-i Şerif" vb. elyazmaları hakkında açıklamalar verilmiştir.

Önemli eserlerden biri olarak 19. yüzyılda Çağatayca basılmış olan Şehname kitabı ve Turmağambet'in "Rüstem-Destanı" kitabı zikredilmesi gereken eserler arasındadır. 20. yüzyılın başlarında yaşamış mollalardan biri olan Bekasil Bibulatulı'nın Farsça "Falname" kitabı, 1313'te yayımlanan "Balname", "Nesepname" adlı eserler ile ilgili açıklamalar ve onların derleyicileri, eserin türü, müstensih ya da müellifleri, telif tarihleri, yayınlanan cildin sonunda alfabetik olarak dizinlenmiştir.

Yayımlanan''El Yazması Eserlerin Bibliyografik Denetim Kataloğu'' adlı bibliyografik çalışmanın Türkoloji alanında çalışan farklı disiplindeki akademisyenlere çalışmalarında katkı sağlayacağını ümit ediyoruz.

**Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü**

---

# ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ТҰЛҒАЛАРЫ

**2019 жылы 13 қыркүйекте Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Қазақ хандығының көрнекті тұлғалары» атты дөңгелек үстел болып өтті. «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасын әзекті қылу, таңдаудың ғылыми-негізді талаптарын қалыптастыру және ақпараттық қолдау жөніндегі талдамалық зерттеу» жобасы аясында өткізілген ісшараны Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті бірлесе отырып ұйымдастырды.**

Іс-шараға кәсіби тарихшылар, көрнекті қоғам қайраткерлері, мемлекеттік мекеме өкілдері мен жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушы құрамы, ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары, докторанттар, магистранттар мен студенттер және БАҚ өкілдері қатысты. Дөңгелек үстелдің модераторы – Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы, т.ғ.д., профессор – Тұрсын Хазіретәлі болды.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкерлері С.Қ.Шілдебай мен Ф.Р.Лебаев жиынға қатысушыларды «Ұлы даланың ұлы есімдері» ғылыми жобасымен таныстырып, оның мақсаты мен міндеттері жөнінде баяндап берді. Бұл Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласындағы тапсырмасын орындау мақсатында дүниеге келгенін айтып жеткізді. «Тұлғаландыру сипатына ие болған» отан тарихын шынайы түрде талдау мақсатында біртуар қайраткерлердің мемлекеттілікке, елдің ғылымы мен мәдениетіне қосқан үлесін зерттеу өзекті болып табылады. Жобаның мақсаты, оның міндеттері, жүзеге асыру үдерісі және күтілетін нәтижесі туралы ақпарат берілді.

Жиынға қатысқан дінтанушы-ғалым Зікірия Жандарбек қазақ хандығы билік жүйесіндегі өзгерістер туралы сөз қозғады. Философ Досай Кенжетай тарихты жазу үшін тарихи сана, тарихи таным, тарихи тәжірибені анықтау, оны түсіну және пайдалану керектігін баса айтты. Мұхтар Қожа Ұлы есімдер жобасын археологиялық көзқарас тұрғысынан қарастырды. Қазақ хандарының көбісі оңтүстікте жатқанын, бірқатарын зерттегенін,әлі де зерттеуді талап ететіндігін айтты. Оралдан келген Сайлау Хамитұлы Сүлейменов «Жәңгір хан – реформатор» атты тақырыпта баяндама жасап, жаңа көзқараста зерттеудің қажеттілігін атап өтті. Профессор Дәметкен Сүлейменова Батыс Алашорда туралы тың мәліметтер келтіріп, ХҚТУ кітапханасына бірқатар кітаптар сыйға тартты. Студенттер қызығушылықтары оянып, сонымен қатар сұрақтарын қойып, ғалымдармен пікір алмасты. Соңы пікірталасқа ұласқан дөңгелек үстел жоғары деңгейде өтті.

Ұлы тұлғалар – өздерінің мәдени-ғылыми, рухани-әлеуметтік басымдылықтары арқылы тарихтың сан алуан белестерінде ел мен жердің қажеттіліктерін анағұрлым толық қанағаттандырып, оның дамуына айтарлықтай үлес қосқан, атқарған қызметі өз өлкесінің аясынан шығып, әртүрлі тарихи дәуірлер мен кезеңдерде бүкіл қазақ даласына танымал болған адамдар. Сонық үшінде қазақ хандығының көрнекті тұлғаларын дәріптеу, насихаттау зор идеологиялық және тәрбиелеу маңызына ие, өскелең ұрпақты отан сүю және жоғары деңгейлі мәдениетке баулуға ықпал етеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтің «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласындағы тапсырмаларын орындау аясында Атақты қазақ хандары мен сұлтандары, батырлар мен билері еліміздің символы әрі мақтанышы, оның мұраты әрі өнегесі болып табылады. Дөңгелек үстелдің түбі бір түркі әлемінің астанасы – Түркістан қаласында өтуі де заңдылықтың бір белгісі.

**Фархат Рашидұлы ЛЕБАЕВ– Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Тарихи демография және ҚХА бөлімінің ғылыми қызметкері, PhD докторант**

# ҒАЖАПТЫ КӨРГІҢ КЕЛСЕ, ХҚТУ-ҒА КЕЛ!



Технопарк – бір ғимарат ішінде жаңашыл технологияларды пайдалана отырып, фундаментальды ғылыми зерттеулерді өндірісте жүзеге асыруға дейінгі түпкі нәтижеге қол жеткізуді мақсат ететін жаңашыл кешен. Мұнда индустрия нысандары, іскерлік орталықтары, көрме алаңдары, оқу дәрісханалары, қызмет көрсету қосандары бір шатыр астына бірігеді де, жаңа идеялар алаңы пайда болады. Негізгі мақсаты – инновациялық бизнес арқылы әлемдік нарыққа шығу. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің басшысы – профессор Болатбек Әбдірәсілов келген күні-ақ осы технопарк туралы сөз ете бастады. Әдепкіде мұны әріптестері күмәнмен қабылдағаны рас. Уақыт өте келе шет елде кеңінен өріс алған инновациялық алаңның қажетті дүние екендігі сезіле бастады. Енді таяу күндерде ғалымдар үшін де, студенттер үшін де тың жаңалықтарын тәжірибе жүзінде жүзеге асырар ғылым паркі университеттің Кентау институтында тұсауын кескелі отыр. Тың идеясын жүзеге асыру үшін ректор осы істен хабары бар әрі өндіріске икемді, әдіскерлігі мен ғалымдығы қабат адамды іздей бастады. Таңдауы педагогикалық ұстанымы ерек, бірнеше оқу орнының іргесін қалауда өзіндік тәжірибе жинақтаған доцент Үсенбек Рахметке түсті. Үсекең бөлсінген жоқ, бірден іске кірісіп кетті. Алдымен Кентау институтының ғимаратын толықтай күрделі жөндеуден өткізді. Осындағы Инженерия факультетінің ғалымдарымен, электроэнергетика мамандарымен кеңесе отырып, технопарктің осы өңірге икемді жобасын жасады. Әсіресе, жапондық Kaidzen басқару жүйесін өндіріске енгізіп жүрген Кентау трансформатор зауытының басшысы Хайрулла Қожабаевпен көбірек ақылдасты. Нәтижесінде технопарктің пилоттық бөлігі – студенттер үшін таптырмас тәжірибе алаңы «Alageum Electric» зертханасы пайда болды. Көп ұзамай «Робототехника» зертханасы іске қосылды. Енді жаңа оқу жылынан технопарктің басты айлағы айқара есігін ашпақ. Экожүйе, қаржы қалтарыстары, бизнес-сервис, тренингтер мен семинарлар, техно-сервис, патенттік ізденістер... технопарктің мүмкіндіктері осылай жалғасып кете береді. Жаңа облыс орталығындағы ғалымдар мен жас кәсіпкерлер, бизнес өкілдері, инвесторлар мен түрлі салардағы эксперттер инновациялық жаңалықтарын коммерцияландыру үшін осында – ХҚТУ технопаркінде бас қосатын күн де алыс емес!

**Бекжігіт СЕРДӘЛІ профессор**

ҰЛТТЫҚ РУХ

# Студенттер беті
# АУДИТОРИЯ



## СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ АЗИЯ ҚҰРЛЫҒЫН БАҒЫНДЫРДЫ

Қыркүйек айының 11-16 жұлдыздары аралығында Үндістанның Нью-Дели қаласында жауынгерлік самбодан Азия чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеге 19 мемлекеттен, 300 ге жуық спортшы қатысқан. Оқу ордамыздың 4 спортшы-студенттері де аталған жарыста өнер көрсетіп, биіктерден көріне білді. Атап өтер болсақ, қыздар арасында 80 кг салмақта Оразбай Арайлым I орын, 48 килограмда бақ сынасқан Жылқыбай Айжан қоланы қанағат тұтып, Нәбиева Бибіхан 52 килограмда алтыннан алқа таққан. Ерлер арасында 57 килограмда өнер көрсеткен Айдынбай Қайырберді алтын медальді қанжығаға байлады. Спортшыларымызды Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы,профессор, «Оқу сауықтыру» орталығының аға бапкері Ә.Халилаев баптаған.

Айта кетейік, аталған додада Қазақстан құрамасы 13 алтын, 7 күміс, 1 қоланы қанжығаға байлап, өзбек балуандарынан кейінгі II орынға жайғасты.







## ДОДАҒА ТҮСЕР ҚЫРАНДАРЫМЫЗҒА СӘТТІЛІК!

18-22 қыркүйек аралығында Нұр-Сұлтан қаласында тұңғыш рет күрес түрлерінен Әлем чемпионаты өтеді. Дүбірлі бәсекеге 100-ге тарта мемлекеттен 1000-нан аса балуан Токио Олимпиадасының жолдамасын сарапқа салады. Біздің университеттен Дәулет Ниязбеков (65 келі) пен Ғалымжан Өсербаев (79 келі) қатысады. Қос спортшыға сәттілік! Олимпиада жолдамасын жеңіп алуға тілектеспіз! Әлем чемпионатын «Qazsport» телеарнасы тікелей эфирде көрсетеді.

Тағы да қуанышты жаңалық оқу ордамыздың 2-курс магистранты Қайрат Ералиев Ресей Федерациясының Екатеринбург қаласында өтіп жатқан Әлем Чемпионатына қатысуда. 57 келіге дейінгі салмақта өнер көрсетіп, Олимпиада-2016 күміс жүлдегері Венесуэлалық Йоэль Финольмен жұдырықтасып 1/8 финалына шықты. Қайрат Ералиевке сенеміз, сәттілік!





## ТҮРКІСТАНДА ТҮЛЕГЕН ТӨЛ ТАРИХЫМ




